Ұлттық дәстүрлеріміз ұлықталды

Ы. Алтынсарин атындағы Арқ МПИ ғимаратында 1 жасар баланың тұсауы кесілді. Мұндай рәсім институт жанындағы «Рухани жаңғыру» кеңсесі мен қалалық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өтті.

Наурыз мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған дөңгелек үстел: «Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы жастардың рөлі» деген тақырыпта өтті. Шараның бұлай аталуы тегіннен тегін емес. Себебі, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 3-ші бағыты дәл осылай аталады. Жиында институт ректоры Сейітбек Бекенұлы, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлы сөз алып, ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңыздылығы мен оны сақтаудағы жастардың қосар үлесін тілге тиек етті.

Дөңгелек үстел барысында бірқатар салт – дәстүрлеріміз орындалды. Арқалық қаласының құрметті азаматы Хамит ДОСЖАНОВ 1 жасар баланың тұсауын кесіп, батасын берді және енді тәй – тәй басқан бүлдіршіннің аяғына неліктен ала жіптің байланып, оны ақ матамен не себепті жүргізетінін, жіпті қайшымен емес, пышақпен кесудің дұрыстығын түсіндірді.Тұсаукесер қуанышына шашу шашылып, осы рәсімді орындаған Хамит атаның иығына қазақы дәстүрмен шапан жабылды. Саф алтындай салт – дәстүріміз - тұнып тұрған тәрбие. Бұл жастарға өнеге болары сөзсіз.

Шара барысында белгілі жыршы – термеші Қуаныш-бай Қабенұлы мен ақын Молдакәрім Қойшанұлы өнерлерін ортаға салып, институт өнерпаздары салт – дәстүрлерімізді ұлықтаған ән – шашуларын ұсынды. Осылайша ұлттық құндылықтарымыз насихатталған жиын соңында қонақтарға құрмет көрсетіліп, қазақы дәстүрге сай бауырсақ пен қымыз ұсынылды.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ